

Алтай ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2025 жылғы 25 қарашадағы № 34/4-VIII шешімі

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т қараңыз.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 582-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Алтай ауданының мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 43/3-VI "Алтай ауданының елді мекендерінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-12-191 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 577, 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері, жерлерге:

1) Алтай қаласы (үй маңындағы жер учаскелерін қоспағанда), жер салығының базалық мөлшерлемесі:

I, II, V, VI-аймақтар бойынша – 50 % арттырылсын;

III, IV-аймақтар бойынша – 40 % арттырылсын.

2) Серебрянск қаласы (үй маңындағы жер учаскелерін қоспағанда), жер салығының базалық мөлшерлемесі:

I, II, III, IV, V-аймақтар бойынша – 50 % арттырылсын.

3) Алтай ауданының ауылдық елді мекендері (үй маңындағы жер учаскелерін қоспағанда), жер салығының базалық мөлшерлемесі:

I, II, III, IV, V-аймақтар бойынша – 50 % арттырылсын;

VI-аймақ бойынша – 40 арттырылсын;

VII-аймақ бойынша:

Дородница, Бородино ауылы – 50 % арттырылсын;

Заводинка, Северное, Васильевка, Богатырево, Шірікқайың, Александровка ауылы (Средигорное ауылдық округі) – 40 % арттырылсын;

Баяновск, Андреевка, Пролетарка, Орловка, Крестовка ауылы - 30 % арттырылсын.

VIII-аймақ бойынша:

Ермаковка, Алтайка ауылы – 50 % арттырылсын;

Бұқтырма, Селезневка станциясы, Быково, Кутиха ауылы – 40 % арттырылсын;

Сажаевка ауылы – 30 % арттырылсын.

IX-аймақ бойынша:

Березовка ауылы – 50 % арттырылсын;

Александровка, Кремнюха ауылы – 40 % арттырылсын.

4) Алтай ауданының елді мекендерінен тыс орналасқан өнеркәсіп, жер салығының базалық мөлшерлемесі:

I-аймақ бойынша – 50 % арттырылсын;

II-аймақ бойынша – 40 % арттырылсын;

III-аймақ бойынша – 30% арттырылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Алтай ауданының мәслихат төрағасы

Л. Гречушникова